



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

*Құрметті әріптестер! Қадірменді зерттеуші ғалымдар!*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінің Түрксой кафедрасы биылғы 2021 жыл халықаралық UNESCO ұйымының шешімімен «Юнус Әмре жылы» болып жарияланғандығын зор қуанышпен жеткізе отырып, түбі бір түркі халықтары тарихындағы аса көрнекті тұлға, түрік әдеби тілінің негізін қалаушы, ислам ғұламасы «Ұлы ақын Юнус Әмренің түркі әлеміндегі орны» атты халықаралық ғылыми конференцияны онлайн форматта үстіміздегі жылдың 2 сәуір күні ұйымдастыруды жоспарлап жатқандығын хабарлайды.

Конференцияның мақсаты – түрік әдебиетінің шайыры, ойшыл, көркем сөз шебері Юнус Әмренің түркі мәдениетіндегі орнын, бір туар ақынның шығармашылығының ерекшелігін айқындау, дара тұлғаның мұрасын қазіргі түркітанымдағы жаңа ғылыми ізденістермен сабақтастыру, түркітанушы зерттеуші ғалымдар арасында шығармашылық алаң құру болып табылады.

### КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

- **Юнус Әмренің түркі өркениетіндегі орны**  
(ұлы ойшылдың өмірі мен шығармашылығы, тарихтағы орны, рөлі т.б.)
- **Түркі халықтарының дүниетанымындағы сопылық ілім**  
(дінтану, әдебиет, тіл, мәдениет салалары бойынша)
- **Түркітанудағы тың ізденістер**  
(жас ғалымдар мен ізденушілердің мақалалары)
- Конференция 2021 жылғы 02 сәуірде онлайн форматта өтеді.
- **Мақалалар 2021 жылғы 25 наурызға дейін қабылданады.**
- Конференцияның жұмыс тілі: қазақ, түрік, орыс, ағылшын.
- Конференция материалдары электрондық жинақ түрінде ақысыз негізде жарияланады.
- **Қатысушыларға сертификат беріледі.**

*Конференцияға қатысуға өтініш білдіргендерге пленар және секция отырыстарының жұмыс бағдарламасы уақыты жақындағанда жіберіледі.*

## Қосымша мәліметтер

### МАҚАЛАЛАРДЫ БЕЗЕНДІРУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Жіберілетін мақалалар өңделген және төмендегі талаптарға сай болуы тиіс:

- парақ – А4, кітаптық бағдар, парақтың жан-жағы – 20 мм;
- шрифт: типі – Times New Roman, өлшемі (кегель) – 12;
- бірінші жол – *автордың аты-жөні (инициалы), тегі (жартылай қалың курсив)*, ғылыми дәрежесі, атағы, жұмыс (оқу) орны, қала, ел жақша ішінде – оң жаққа қарай жазылады;
- екінші жол – мақала атауы **БАС ӘРІППЕН**, жартылай қалың қаріппен ортаға қарай жазылады;
- үшінші жол – *қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде аңдатпа* (жартылай қалың курсив, 70-100 сөз);
- төртінші жол – *түйін сөздер* (жартылай қалың курсив);
- бесінші жол – негізгі мәтін, Word мәтнінде терілген: жоларалық интервал – 1, абзацтық шегініс – 1, 25 см.; түзету – ені бойынша; автоматтық тасымалдау қажет емес;
- дереккөздер арабша сандармен нөмірленеді;
- әдебиеттерге сілтемелер келесі пішінде [1, 5 б.] безендіріледі;
- мәтінде кездесетін шартты белгілер мен қысқартулар арнайы белгімен жазылуы тиіс.

Мақала мәтіні 7-10 бет.

Мақала мазмұнына автор жауапты болады. Ұйымдастыру комитеті талапқа сай келмейтін баяндамаларды жарияламау құқығын өзіне қалдырады.

**Мақала қабылдау:** [yunusemrekz021@gmail.com](mailto:yunusemrekz021@gmail.com)

**Үйлестіруші:**

Анықтама үшін байланыс телефондары: тел [+7 701 726 45 65](tel:+77017264565) [Nurat Piyas](mailto:Nurat.Piyas)

**ҚОСЫМША: Тіркеу үлгісі**

*Тіркеу өтініші*

Тегі	
Аты	
Әкесінің аты	
Елі, қаласы	
Ғылыми дәрежесі	
Ғылыми атағы	
Ұйым, мекеме атауы	
Лауазымы	
Қатысатын секция	
Байланыс телефоны	
E-mail	
Баяндама (мақала) тақырыбы	